

БИЛІК ФЕНОМЕНІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-КОНЦЕПТУАЛДЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

¹Е.С. Күмісходжаев, ²Ж.А. Алтаев

АНДАТПА

Мақала қайбір заманда болмасын өзекті тақырыптардың бірі болып табылатын билік феноменін зерттеуге бағытталған. Биліктің теориялық және концептуалды аспектілері биліктің мәнін, оның қоғамдағы көріністері мен механизмдерін түсінуге мүмкіндік беретін әртүрлі түсіндірмелерді, тәсілдер мен анықтамаларды қамтиды. Мақалада билік феноменін талдаудың негізгі тұжырымдамалық тәсілдері қарастырылады. Билік фено-мені көпқырлы және оны әртүрлі позициялардан түсіндіруге болатындықтан оны теориялық көзқарастармен ұштастыра отырып, биліктің табиғатын, оның көздері, механизмдері мен әлеуметтік және мәдени контексттегі көріністері туралы жан-жақты түсініктемелер берілді.

Билік феноменінің ерекшеліктерін сипаттау үшін бұл зерттеуде билік феномені түсінігі және оның теориялық және концептуалды аспектілері қарастырылады. Автор биліктің мемлекеттік және қоғамдық өмірдегі орнын көрсетуге тырысады. Билік құбылысын зерттеудің заманауи тәсілдері мен әдістері қолданылып, негізгі мәселелер көрсетіліп, философиялық талдау жасалды. Билік ұғымын анықтау үшін шетелдік саясаткерлер мен ғалымдардың еңбектері талданды. Бұл жұмыс билік түрлері мен оның мағыналары туралы түсінік береді. Мақалада басымдықтар мен құндылықтар, сондай-ақ билік басындағыларға жүктелетін міндеттер талқыланады.

Түйін сөздер: билік, бағыну, құндылықтар, ұғым, теориялық аспект, әлеуметтік теория, билік феномені, билік философиясы, концепция, талдау.

¹ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Автор-корреспондент:
Күмісходжаев Е.С.,
yerbolkumis@gmail.com

Мақаланың сілтемесі:

Күмісходжаев Е.С., Алтаев Ж.А. Билік феноменінің теориялық-концептуалды аспектілері // Адам әлемі. – 2025. – №2 (103). – Б. 26-33.

Теоретико-концептуальные аспекты феномена власти

Аннотация. Статья направлена на изучение феномена власти, который является одной из актуальных тем всех времен. Феномен власти является центральным объектом исследований в политической философии, социологии, психологии и других дисциплинах. Теоретико-концептуальные аспекты власти охватывают различные интерпретации, подходы и определения, которые позволяют понять сущность власти, ее проявления и механизмы в обществе. В статье рассматриваются ключевые концептуальные подходы к анализу феномена власти, так как он многогранен и может быть интерпретирован с различных позиций. Это теоретические аспекты, понимание природы власти, ее источников, механизмов и проявлений в социальном и культурном контексте.

Для описания особенностей феномена власти в данном исследовании рассматривается понятие феномена власти и его теоретико-концептуальные аспекты. Автор пытается показать роль власти в государственной и общественной жизни. Были использованы современные подходы и методы исследования феномена власти, показаны основные проблемы, проведен философский анализ. Для определения концепции власти были проанализированы работы зарубежных политиков и ученых. Данная работа дает представление о видах власти и ее значениях. В статье рассмотрены приоритеты и ценности, а также об ответственности, которые налагают на властоимущих.

Ключевые слова: власть, подчинение, ценности, концепция, теоретический аспект, социальная теория, феномен власти, философия власти, концепция, теоретический аспект, анализ.

Theoretical and Conceptual Aspects of the Phenomenon of Power

Abstract. The article aims to study the phenomenon of power, one of the most relevant topics. The phenomenon of power is the central object of research in political philosophy, sociology, psychology, and other disciplines. Theoretical and conceptual aspects of power cover various interpretations, approaches, and definitions that allow us to understand the essence of power, its manifestations, and mechanisms in society. The article examines the key conceptual approaches to the analysis of the phenomenon of power. The phenomenon of power is multifaceted and can be interpreted from various positions: from power as a resource to power as a process and a structural element of society. These theoretical aspects form a comprehensive understanding of the nature of power, its sources, mechanisms, and manifestations in the social and cultural context. To describe the features of the phenomenon of power, this study examines the concept of the phenomenon of power and its theoretical and conceptual aspects. The author tries to show the role of power in state and public life. Modern approaches and methods for studying the phenomenon of power were used, the main problems were shown, and a philosophical analysis was carried out. To determine the concept of power, the works of foreign politicians and scientists were analyzed. This work gives an idea of the types of power and its meanings. The article examines priorities and values, as well as the responsibility that is imposed on those in power.

Key words: Power, Subordination, Values, Concept, Theoretical Aspect, Social Theory, Phenomenon of Power, Philosophy of Power, Concept, Theoretical Aspect, Analysis.

Kipicne

Билік – кез-келген мемлекет пен қоғам-ның өміріне әсері бар саяси құбылыс. Бұл қоғамдық сананы, саяси құндылықтар мен дәстүрлерді қамтитын ұғым. Ол қоғамда адамдардың бірлескен өмірін ұйымдастырып, реттеп отырады.

Сонымен бірге, билік – қоғамдағы белгілі бір топтың, ұйымның немесе жеке тұлғаның өзгелерге әсер ету, басқару және олардың әрекеттерін бағыттау мүмкіндігі мен құқығы. Билік арқылы мемлекет өз азаматтарының құқықтарын қорғап, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, қоғамның дамуына жағдай жасайды. Онымен қоса, билік қоғамдағы тәртіп пен заңдылықтың сақталуын қадағалап, ресурстарды бөлу мен қоғамдық мақсаттарға жету үшін стратегиялық шешімдер қабылдайды.

Билік туралы пайымдаулар Платонның «Мемлекет» деген еңбегінде қарастырылады. Платон үшін биліктің мәні – әділеттілікті орнату, ал мемлекетті басқару – даналықты, батылдықты, ұстамдылықты және әділдікті талап ететін жоғары міндет деп санады. Сол үшін Платон қоғамды үш тапқа бөледі:

1. Билеушілер – даналық пен ақылға негізделген шешім қабылдайтын тап;

2. Қорғаушылар – мемлекет пен қоғамды қорғауға арналған жауынгерлер;

3. Өндірушілер – шаруалар, қолөнершілер, саудагерлер және тағы басқа.

Платонның пікірінше, бұл топтардың әрқайсысы өз функцияларын адал орындағанда ғана әділеттілік орнайды.

Шынайы білімге және әділеттілікке ұмтылған адамдар ғана билеуші болуға лайықты. Сондықтан билікке философтар келуі керек, өйткені тек олар ғана игілікке жету жолын біледі. Бұл философтардың негізгі міндеті – қоғамда әділеттілікті сақтау және әрбір адамға өз орнын табуға көмектесу.

Платон билік тек білім мен моральдық қасиеттерге сүйенгенде ғана дұрыс жұмыс істейтінін айтады. Ол моральдық тәрбиенің маңыздылығын атап, нағыз билеуші өз мүддесі үшін емес, қоғамның игілігі үшін қызмет етуі керек деп есептейді.

Платон заңдарды әділеттілікті сақтаудың құралы ретінде қарастырады. Билік заңдарды құрметтеп, оларды басшылыққа алғанда ғана мемлекет дұрыс жұмыс істей алады. Ол заңның мемлекетте тұрақтылық пен тәртіп орнатудағы рөлін жоғары бағалайды.

Платон әділдікті биліктің ең басты құндылығы деп санайды. Оның ойынша, мемлекеттегі барлық азаматтар өздеріне тән қасиеттерге сай қызмет атқарғанда және қоғамның әрбір мүшесі өз міндетін дұрыс орындағанда ғана әділдікке жетуге болады.

Платонның бұл идеялары саяси философияға үлкен ықпал етіп, кейінгі ғасырлардағы ойшылдардың билік және мемлекеттілік туралы көзқарастарына негіз болды.

Онда грек ойшылы мемлекетті философтардың басқарғанын жөн санайтындығын

және нағыз әділетті де білімді басшылар солар бола алады деп пайымдайды.

Платон адамдардың көпшілігі құмарлық, байлық пен атақ-даңққа деген құштарлықты басшылыққа алады деп есептеді. Өз кезегінде, философтар шындыққа және дүниенің негізінде жатқан идеяларды білуге ұмтылады. Олардың «идеялар әлемін» көре білуі, әділдіктің мәнін түсінуі оларды қоғамды басқаруға қолайлы етеді. Ол идеалды мемлекетте билік басына келгендер оны жеке басының мүддесі үшін емес, даналыққа бейім және материалдық байлыққа қызықпайтын адамдар іздейтіндей етіп реттеу керек деп тұжырымдайды.

Бұл концепция өз уақыты үшін жаңашыл және революциялық болды, себебі Платон билік тек жеке пайданы аңсайтындардың емес, шын жүректен шындық пен әділдікке ұмтылатын адамдардың қолында болуы керек деп санады [1, б. 21].

Иә, Платонның ойынша, идеалды қоғамда елді басқаруы тиіс адамдар – философтар. Оның айтуынша, философтар әлемнің ақиқатын түсінуге және әділетті шешімдер қабылдауға қабілетті. Олардың мақсаттары материалдық игіліктерге емес, ақиқатқа және әділдікке жетуге бағытталған. Сонымен бірге қоғамға пайда келтіруге және қоғамдық игілікті қамтамасыз етуге бағытталған шешімдер қабылдай алады.

Көшбасшылардың этикасы және олардың жеке моральдық сенімдері басқару тәсіліне қатты әсер етуі мүмкін. Мысалы, Платон өз еңбектерінде билеушілердегі моральдық ізгіліктің маңыздылығын атап өткен болса, ал Никколо Макиавелли саясаткер билікке жетудің және оны ұстап тұрудың кез-келген тәсілін ақтай алады деп тұжырымдады, өйткені бастысы – моральдық принциптерді сақтау емес, нәтиже маңызды.

«Рим Императоры» атты еңбегінде Мэри Бирд императорлар билікке келгенге дейін Ежелгі Рим бүгінде Рим Республикасы деп аталатын демократияның бір түрі болды. Ол Рим негізін қалаушы Ромулдан бері бар. Ежелгі Римнің жоғарғы саяси элитасы консулдар болды, оларға басқа шенеуніктер төмен дәрежеде көмектесті. Оларды заңдар мен соғыс пен бейбітшілік туралы шешімдер қабылдауға дауыс берген Рим азаматтары таңдады. Бірақ бұл жүйенің негізгі күші байларға тиесілі болды. Олардың дауыстары қарапайым адамдардың дауыстарына қарағанда маңыздырақ болды, сонымен қатар олар мемлекеттік лауазымдарға үміткер болуға және әскерлерді басқаруға құқылы болды. Ең ықпалды Рим институты бірнеше жүздеген бұрынғы мемлекеттік шенеуніктерден тұратын Сенат болды [2, б. 103].

Никколо Макиавеллидің пікірінше, билікке деген құштарлық және жоғалтудан қорқу әрбір басшы үшін маңызды сұрақтардың бірі. Жетістікке жетуді қалайтын билеуші өз әрекеттерін қажеттілік заңдарымен және бағыныштылардың мінез-құлқымен сәйкестендіруі керек. Адамдардың психологиясы мен олардың ерекшеліктерін, артықшылықтары

мен кемшіліктерін біле білген басшының билігі өміршең болады.

Көшбасшы жомарт болмауы қажет, себебі ол оған зиян тигізеді. Ақылды көшбасшы – әрқашан өзінің іс-әрекетінің барлық жағдай-лары мен салдарын өлшейтін билеуші. Оның билік ету мәселесі таразыға түскен сың сағаттарында тәртіп пен тұрақтылықты сақтауда билеуші қатыгез болып көрінуден де қорықпауы қажет.

Қоластындағыларды бірте-бірте уақытымен мақтаңыз және марапаттаңыз, бірақ бірден жазалау қажет. Адамдарды басқара отырып, оларды бір қысып, бір жіберіп отыру керек. Адамдар әдетте марапаттар мен жоғарылаулар сирек кездесетін жерде бағаланады. Ал, жазаны бірден сол мезетте жасаған дұрыс. Жауапкершілікке тарту немесе жазалауды бірден жасау керек, ал жақсылықты біртіндеп жасау қажет. Бағыныштылар тарапынан қорқыныш пен үрей көбірек болуы тиіс [3, б. 76].

Бұл жерде билік пен мораль ұғымдарын қарастыру өте маңызды. Билік пен мораль тақырыбы қоғамдық өмір мен саясаттың осы екі аспектісі арасындағы күрделі қатынасты қарастырады.

Билік әдетте бақылаудың, бағынудың және жауапкершіліктің болуын болжайды, ал мораль адамдардың мінез-құлбын жақсылық пен жамандық, әділеттілік пен жауапкершілік тұрғысынан реттейтін принциптер мен нормаларды білдіреді. Билікті қолдан жібермес үшін әрбір адамның қандай моральдық құндылықтарды бұзуға баратындығын білу өзекті.

Билік пен моральдың байланысын талқылаудағы басты мәселе – билік моральдық нормаларға сай болуы қажет пе немесе оларды сақтамай да қол жеткізуге бола ма деген сұрақ. Билік көбінесе прагматикалық міндеттер қояды және бұл әдетте моральдық қақтығыстарға әкеліп соғады.

Қазіргі қоғамда билік моральдық болуы керек деген пікір кең таралған, өйткені оның негізгі міндеті – адамдардың мүдделері мен құқықтарын қорғау. Саясаткерлер мен көшбасшылар өздерінің шешімдері мен әрекеттері үшін үлкен моральдық жауапкершілікке ие,

себебі олардың шешімдері көптеген адамдарға әсер етуі мүмкін. Бұл жағдайда мораль биліктің заңдылығын бағалаудың критерийі.

Кейде мүдделер қақтығысына байланысты мораль мен билік қайшылыққа түсуі мүмкін. Тарих көрсеткендей, биліктің антиморальдік мінез-құлқы көп жағдайда саяси режимдердің күйреуіне, сенімнің жоғалуына және әлеуметтік қақтығыстарға әкеледі. Соның салдарынан көптеген мемлекеттер саяси сахнадан шығып қалғанына тарих дәлел.

Осылайша, билік пен моральдың өзара байланысы туралы мәселе ашық болып қалуда және тарихи, әлеуметтік және этикалық аспектілерді ескере отырып, тереңірек зерделеуді қажет етеді.

Әдіснама

Билік феномені тарихи, жүйелік тәсіл, әлеуметтік-философиялық талдау, синтез, диалектикалық әдістер, жалпы философиялық, салыстырмалы-тарихи, құрылымдық-функционалды және герменевтикалық әдістер қолданылады.


Зерттеу материалының негізіне шетелдік және отандық ғалымдардың билік туралы еңбектері әдіснамалық тұғыр ретінде қарастырылады. Солардың негізінде авторлар биліктің ерекшеліктерін талдап, ғылыми-теориялық тұрғыдан зерделейді.

Теориялық және концептуалдық талдау жүргізу үшін шетелдік саясаткерлер мен ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалады. Осы тақырыптағы ғылыми жұмыстар, мақалалар мен кітаптардағы пікірлер мен олар зерделеніп, билік феноменінің формалары мен түрлері зерттеледі.

Белгілі бір кезеңдердегі билік ұғымына деген көзқарастар мен билік жүргізу түрлері, сол кезеңдердегі басқарушыларға тән мінез-құлықтар және басқа да мемлекеттік басқарудағы саяси жүйелермен салыстыру кезінде, әрбір саяси жүйенің ерекшеліктері мен айырмашылығын көрсету үшін салыстырмалы анализ жасалады.

Биліктің анықтамасы және түрлері

1-сурет. Биліктің түрлері



1. Саяси билік – мемлекет пен қоғамды басқару құралы ретінде қолданылатын билік түрі. Саяси билік мемлекетті басқару, заң шығару, сот және атқарушы органдар арқылы жүзеге асады.

2. Экономикалық билік – экономикалық ресурстарды басқару арқылы әсер ету

мүмкіндігі. Бұл билік түрі негізінен ірі компаниялар мен қаржы институттарына тән.

3. Заң билігі немесе құқықтық билік – заңдарды қабылдау және сол заңдардың орындалуын қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылатын билік. Құқықтық билік мемлекеттің барлық азаматтары мен ұйымдары үшін міндетті.

4. Мәдени-идеологиялық билік – мәдени құндылықтар мен ақпарат құралдары арқылы адамдардың ойлауына және мінез-құлқына әсер ету. Бұл билік түрі білім беру, ақпарат тарату, әдебиет, өнер арқылы жүзеге асады.

5. Әлеуметтік билік – қоғамдағы әлеуметтік топтардың, таптардың, ұлттардың арасындағы қарым-қатынасты реттейтін билік. Ол әлеуметтік нормалар, құндылықтар және

Билік феноменінің теориялық- концептуалдық негіздемесі

Биліктің негізгі функциялары:

<i>Реттеуші:</i>	Билік қоғамның тәртібі мен құрылымын реттеп, оның тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Бұл функция заңдар, ережелер және қаулылар қабылдаумен жүзеге асады.
<i>Қорғаушы:</i>	Билік елдің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, қоғамды ішкі және сыртқы қауіптерден қорғайды. Бұл функцияға құқық қорғау органдары мен әскери құрылымдардың қызметі жатады.
<i>Басқарушы:</i>	Билік қоғамды және оның әртүрлі салаларын басқару арқылы олардың дұрыс жұмыс жасауына мүмкіндік береді. Бұл функция экономикалық, әлеуметтік және мәдени салаларды басқаруды қамтиды.
<i>Экономикалық:</i>	Билік экономикалық процестерді реттеп, экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге тырысады. Бұл функция арқылы салық жүйесін құру, қаржылық бақылау жүргізу, бюджет қалыптастыру жүзеге асады.
<i>Әлеуметтік:</i>	Билік қоғам мүшелерінің өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған шараларды жүзеге асырады. Бұл денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қорғау сияқты салаларды қамтиды.
<i>Идеологиялық:</i>	Билік қоғамда ортақ құндылықтар мен идеалдарды насихаттайды. Бұл қоғам мүшелерінің бірлігін, ынтымақтастығын арттырып, елдің тұтастығын сақтауға бағытталады.

Билік – әлеуметтік теория мен саясаттанудағы негізгі ұғымдардың бірі. Ол тұлғааралық қатынастардан бастап жаһандық саяси құрылымдарға дейінгі құбылыстардың кең ауқымын қамтиды. Билік құбылысын түсіну әртүрлі аспектілерді, соның ішінде оның табиғатын, көздерін, іске асыру механизмдерін және қоғамға әсерін талдауды қажет етеді.

Билік құбылысы – қоғам өмірінде шешуші рөл атқаратын көпқырлы және күрделі құбылыс. Оның табиғатын, көздері мен салдарын түсіну қазіргі әлеуметтік процестерді талдау және тиімді басқару стратегияларын қалыптастыру үшін қажет. Билікті зерттеу қолданыстағы әлеуметтік құрылымдарды жақсы түсініп қана қоймай, оларды үлкен әділеттілік пен теңдікке айнал-дыру тетіктерін жасауға мүмкіндік береді.

Билік қоғамдық қатынастарды құрылымдап қана қоймайды, сонымен қатар белгілі бір тәуекелдерді де көтереді. Негізгі проблемалардың бірі – билікті асыра пайдалану. Билікті бір қолға шоғырландыру бостандықты басуға, озбырлыққа, сыбайлас жемқорлыққа және әділетсіздікке әкелуі мүмкін.

Гоббс анархияның алдын алу және тәртіп орнату үшін адамдарға күшті орталық билік (Левиафан) қажет деп есептеді. Ол бостандықты сыртқы шектеулердің жоқтығы деп санады, бірақ бейбітшілікті сақтау үшін кейбір бостандықтарды шектеу керек деп тұжырымдады [5, б. 124].

Ал, Джон Локк адамдардың өмір сүруге, бостандыққа және меншікке тән құқықтары бар деп сенді, оны билік қорғауы керек. Оның пікірінше, билік шектеулі болуы керек және

қоғамдық ережелер арқылы көрініс табады.

Билік әртүрлі деңгейлерде және түрлі формаларда көрінуі мүмкін: мемлекеттегі саяси билік, отбасындағы ата-аналардың билігі, жұмыс орнындағы басшылық билігі және тағы басқа.

Әрбір билік түрі қоғамның дамуына және тұрақтылығына әсер етіп, түрлі деңгейде қолданылуы мүмкін [4, б. 221].

оны басудың орнына қоғамның мүдделеріне қызмет етуі керек [6, б. 387].

«Билік – басқа адамдарды бір нәрсе істеуге немесе істемеге мәжбүр ету қабілеті. Бүгінгі таңда билікке ие болу бұрынғыға қарағанда әлдеқайда оңай. Элитарлық шекаралар бұлыңғыр, ақпарат қолжетімді, ал беделдер күмәнға ұшырап, қысқа мерзімде жойылады. Сонымен қатар, билікке ие адамдардың мүмкіндіктері барған сайын шектеулі болуда», – деп атап өтті өз еңбегінде Мойзес Наим [7, б. 63].

Оның пікірінше, билік ірі ойыншылардан олардың ережелеріне бағынбайтын әртүрлі ұсақ ойыншыларға ауысуда. Саны жағынан төңкерістің мәні мынада: халық саны мен өмір сүру деңгейі өсіп, адамдарды топтарға бөліп, бақылау қиындап барады.

Әскери күш бұрынғыдай маңызды рөл атқармайды. Мемлекеттердің армиялары бір-бірімен емес, бытыраңқы сепаратистік топтар мен жауынгерлерге қарсы соғысуда. Ал бұл жасақтар жиі жеке шайқастарда да, соғыста да жеңіске жетіп жүр.

Б.Б. Де Мескита «Диктатордың үстел кітабы» атты еңбегінде, саясат абстрактілі пайымдауға көмектесетін сала емес. Мұның бәрі адамдардың мінез-құлқына байланысты. Кез-келген мемлекеттегі өзгерістердің басты себебі – оның көшбасшысына байланысты. Оның өзімшіл есептеулері мен мотивтері саясаттың қозғаушы күші.

«Мемлекет – ол мен», – деді Людовик XIV. Бірде-бір патша, бірде-бір тиран жалғыз басқара алмайды; бұл Людовикке де қатысты, ол жас кезінде регенттердің қолдауынсыз және

ересек кезінде коалицияның қолдауынсыз көп нәрсе істей алмады. Көшбасшы толығымен қоршаған ортаға байланысты және мәселе оның қаншалықты үлкен екендігінде.

Бұл орта үш топқа бөлінеді:

1) номиналды сайлаушылар – дауыс беруге құқығы бар елдің әрбір тұрғыны, бұл ықпалдың ең алыс шеңбері;

2) нақты сайлаушылар – ел көшбасшысын іс жүзінде таңдайтын адамдар тобы (мысалы, АҚШ-та бұл сайлаушылар);

3) көшбасшыға қолдау көрсету үшін қажет қолдаушылар коалициясы: авторитарлық елдерде бұл басшының ең жақын ортасы (мысалы, КСРО-дағы Саяси Бюроның ондаған мүшелері), демократиялық елдерде көшбасшыға, оның партиясына дауыс берген сайлаушылар [8, б. 139].

Сонымен қатар, Б.Б. Де Мескитаның пайымдауынша, билікті қамтамасыз ететін негізгі фактор – қолдаушылар коалициясы. Бұл коалиция басшының билігін сақтап қалуына кепілдік береді. Демократ болсын, диктатор болсын, билікті ұстап тұрудың басты принципі бір: басшы өз жақтастарына қолдау көрсетуі керек. Осыдан нағыз басшыға арналған бес ереже туындайды:

1. Жақын топты мүмкіндігінше аз ұстаңыз – оларды бақылау оңайырақ, әрі олар мемлекеттік «пирогтың» үлкенірек үлесіне үміттен алады. Бұл стратегияның жарқын мысалы – Солтүстік Кореяның басшысы Ким Чен Ир. Елде жаппай ашаршылық болуына жол бергенімен, армияның аштықтан зардап шегуіне ешқашан мүмкіндік бермеген, себебі армия – оның қауіпсіздігінің кепілі.

2. Қағаз жүзіндегі электорат мүмкіндігінше көп болсын – бұл сізге жақын топтан біреу қырсықтық танытқан жағдайда, оны жаңа кандидатқа ауыстыруға мүмкіндік береді. Мысалы, 1930 жылдары Сталин: халықтың шынайы дауыс беру құқығы болмаса да, Үлкен террордан кейін көптеген басқарушылар бос орындарды иелену мүмкіндігіне ие болды.

3. Кіріс ағынын бақылаңыз, билікке келуіңізге көмектескен жақтастарыңыз өздерін алданғандай сезінбеуі үшін...

4. ...бірақ оларға тек адал болып қала-тындай, бірақ артық емес төлеңіз. Басты айырмашылық – басшының қайдан және қалай ақша табу керектігін білуінде, ал жақтастары білмейді (егер білсе, олар әлдеқашан басшыны орнынан алып тастар еді).

5. Халыққа жақын ортаңыздың есебінен жақсылық жасамаңыз – бұл қателікті олар кешірмейді. Егер бұл кеңес тым орынсыз көрінсе, 2008 жылғы Наргис циклонының кейінгі Мьянма көшбасшысы генерал Тан Швенің мысалын қараңыз: ол азық-түлік көмектерін өзінің әскери жақтастары есебінен өтеді. Орын алған қарама-қайшылықтар мен мүдделер қақтығыстарының нәтижесінде жүздеген мың адам аштықтан және қиындықтардан қайтыс болды.

Бұл тек диктаторларға қатысты ма? Әсте олай емес. Демократтар да дәл осы ереже-

лер бойынша әрекет етеді, тек олар билігін оншақты адамның емес, мыңдаған дауыс берген сайлаушылардың қолдауына сүйенеді. Сонымен қатар, олардың елдерінде қоғамдық институттар жақсы жұмыс істейді. Сондықтан демократиялық елдердің басшылары әлдеқайда икемді қадамдар жасауға мәжбүр. Бірақ олар ешқашан өз сайлаушыларының мүдделеріне қарсы абстрактілі «халықтың» атынан әрекет етпейді.

Адамзат тарихының көп бөлігі билікті мұра етті. Ақша, зорлық-зомбылық, үгіт-насихат – бұл және басқа да билік құралдары дәстүрлі түрде шағын топтардың қолында болды. Мұның бәрі XVIII ғасырдың аяғында екі революция болған кезде өзгерді: француз және американдық. Билік бәсекеге қабілетті, халыққа есеп беретін және ауқымы шектеулі болуы мүмкін екен. Осының арқасында XX ғасырдың екінші жартысында әлем қауіпсіз болды және гүлденді. Бүгінгі күні билікті алу және оны жоғалту да оңай. Сонымен қатар, оны пайдалану қиынырақ.

Біз сөзсіз қайтарымға тап боламыз. Саясаткерлер әлі де мүмкіндігінше көп күш алғысы келеді, сондықтан олар қазіргі ережелермен ойнауды үйренді. XXI ғасырда саяси билік жаңа қатерлі түрге ие болды: демократиялық басқару елесін қолдай отырып, саясаткерлер демократиялық жүйенің негіздерін бір уақытта бұзады. Олар жаңа тәсілдер мен әдістерді қолданады және ескі технологияларды заманауи технологиялармен сәтті үйлестіреді.

Мойзес Наим мұны биліктің реваншы деп атайды. Биліктің реваншы демократиялық мемлекеттердің бостандығына, әл-ауқатына және өмір сүруіне қауіп төндіреді. Бұл Саммари – бостандықтың болашағы және оған әсер ете алатынымыз туралы.

Бірақ жаһандану, урбанизация және технологияның дамуы, демографиялық өзгерістер және басқа факторлар біртіндеп биліктің құлдырауына әкеледі.

Автократия – бір адамның шексіз билікке ие болатын басқару нысаны. Автократ дәл осындай адам.

Мойзес Наим қазіргі автократтардың мысалдарын келтіреді: бұл венесуэлалық Уго Чавес және венгр Виктор Орбан, Үнді Нарендра Моди және филиппиндік Родриго Дутерте, бразилиялық Жаир Болсонаро, түрік Реджеп Тайып Ердоған. Бұл адамдар мәдениеті мен тарихы әртүрлі елдерде өсіп, мансап құруда, бірақ бір сценарий бойынша әрекет етеді. Олар билікке адал сайлау арқылы келеді, демократиялық институттарды баяу және тыныш бұзады, ал олардың саясатының нәтижесі айқын болған кезде, ол кеш болып шығады.

«Бүгінгі автократтар билікке қол жеткізу және оны мүмкіндігінше ұзақ ұстау үшін жаңа әдістерді әзірледі. Түпкі мақсат әрқашан қолжетімді емес, бірақ әрқашан табандылықпен қорғалған – өмір бойы билікте болу. Олар кез-келген әлсірететін тенденцияларды өмірлік қауіп ретінде қарастырады. Олардың жетістігі

басқаларды бүкіл әлемде еліктеуге тырысады», – деп түсіндіреді Наим [9, б. 225-256].

Джин Шарп «Диктатурадан демократияға» атты еңбегінде тоталитарлық режимнің барлығын қамтитын күші туралы кеңінен таралған пікірге қарамастан, тоталитарлық биліктің сақталуы халықтың мойынсұнғыш әрекетіне негізделеді. Кез-келген тоталитарлық режимнің Ахиллес өкшесі бар. Егер сіз режимнің әлсіз жақтарын анықтасаңыз және оларға мақсатты түрде шабуыл жасасаңыз, режим ерте ме, кеш пе төмендейді.

Режимнің әлсіздіктеріне, атап айтқанда, мыналар жатады:

- жаңа жағдайға тез бейімделе алмау;
- жарияланған саяси принциптердегі Қайшылықтар;
- еңбек ресурстарының жетіспеушілігі;
- диктаторды жалған ақпараттандыру, оның реакциясынан қорқып, дұрыс емес немесе толық емес ақпарат беру;
- идеологиялық мифтер мен рәміз-дердің бұлыңғырлануы;
- бюрократияның тиімділігі мен құзыреттілігінің төмендігі;
- диктаторға жақын адамдар арасындағы қақтығыстар, бәсекелестік және дұшпандық;
- таптық, мәдени немесе ұлттық келіспеушіліктердің шиеленісуі;
- қате шешімдер қабылдау;
- апатия, скептицизм немесе халықтың дұшпандығы [10, б. 241].

Джеймс А. Робинсон мен Дарон Аджемоглу жазған «Тар дәліз» атты кітаптарында бостандықтың пайда болып, гүлденуі үшін мемлекет те, қоғам да күшті болуы қажет. Күшті мемлекет зорлық-зомбылықты тежеу, заңдардың орындалуын қадағалау және азаматтарға еркін таңдау жасап, өз мақсаттарына жетуге мүмкіндік беретін қоғамдық қызметтерді ұсыну үшін қажет. Ал күшті және белсенді қоғам күшті мемлекетті тежеу және оны бақылау үшін маңыздылығын атап өтеді [11, б. 120].

Авторлардың пікірінше, қос билік пен тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесі өздігінен «Гильгамеш мәселесін» шеше алмайды, себебі сергек қоғамсыз, Конституция мен кепілдіктер тек пергамент немесе қағаздан аспайтын құндылыққа ие болып қалады.

Еркіндікке апаратын тар дәліз бір жағынан репрессиялары мен қатыгездігі бар деспотиялық мемлекеттен туындайтын қорқынышпен, екінші жағынан мемлекет жоқ кезде пайда болатын заңсыздықтан туындайтын қорқынышпен қыспаққа алынған. Бұл тар дәліз — мемлекет пен қоғам бір-бірін теңестіретін орын. Бұл қарама-қайшылық тек қандай да бір революциялық сәтті сипаттамайды — бұл екі күш арасындағы үнемі, күнделікті күрес. Бұл күрес екі жаққа да пайдалы: еркіндік дәлізінде мемлекет пен қоғам тек бәсекелесіп қана қоймайды, сонымен бірге ынтымақтасады. Бұл ынтымақтастық мемлекетке қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін көбірек

мүмкіндіктер береді, ал қоғамға мемлекетті бақылау мүмкіндіктері артады.

Неліктен бұл дәліз, тек еркіндікке апаратын есік емес? Өйткені еркіндікке қол жеткізу – процесс; зорлық-зомбылықты бақылауға алу, заңдар жазып, оларды орындауды қамтамасыз ету, мемлекет өз азаматтарына әлеуметтік қызметтерді көрсетуін бақылау үшін тар дәліз арқылы ұзақ жолды өту қажет.

Неліктен бұл дәліз соншалықты тар? Өйткені бұл міндет жеңіл емес. Қалайша мемлекет, өз еркімен заңдар қабылдай алатын, қуатты армия мен үлкен бюрократияға ие мемлекет, қоғамның бақылауында қалатын болады? Біз қалай біле аламыз, ол жауапкершілікті күрделі әлемде өз қолына алуды сұраған кезде өзінің өкілеттіктерін асырып, қоғамның бақылауынан шығып кетпейді? Ал қоғамды қалай үйлесімді жұмыс істеуге мәжбүр етіп, оған өзіне қарсы көтерілмеуге, бөлініп кетпеуге жол бермей, осы күрестен нәлдік емес нәтиже алу үшін не істеу керек? Мұның бәрі қиын, сондықтан біздің дәлізіміз соншалықты тар, және оның ішіне кіру мен шығудың қоғам үшін ұзаққа созылатын салдары бар.

«Жаңа билік» еңбегінде Джереми Хейманс иерархиялық принцип пен бағынуға негізделген оның ескі форма-ларын ығыстыратын жаңа билік құбылысын зерттеді. Егер ескі билік бірнеше адамның қолында шоғырланған болса, онда жаңа билік бұрын болмаған ықпал ету құралдарын алған кең бұқараға тиесілі. Жаңа билікті ұстауға тырысудың пайдасы жоқ, оны тек әртүрлі арналар арқылы бағыттауға болады.

Билік парадигмасының өзгеруі жақсы да, жаман да құбылыс емес, бәрі оны қандай мақсаттарға жету үшін қолда-натынына байланысты. Жаңа билік жақсы бастамаларға да, өзара көмекке де, жаманға да қызмет ете алады — зиянды тауарларды жарнамалау, жалған ақпарат тарату, террористерді тарту, қоғамды радикалдандыру [12, б. 18].

«Билік Құдайдан, бірақ билік Құдай емес» атты еңбегінде Федор Абрамов адамның өміріндегі көп нәрсені ол өзі анықтамайды деген пікір білдіреді. Биліктегілер ақыл мен жанды толығымен басқарамыз деп ойлайды. Бірақ билік Құдайдан болса да, билік құдай емес. Барлық уақытта таңдау еркіндігі бәріне бірдей бола бермейді. Ол адамның жеке қадір-қасиеттерімен және өмірде қол жеткізген жетістіктерімен анықталады [13, б. 36].

Профессор Бет Новек «Ақылды азаматтар – ақылды мемлекет» атты кітабында АҚШ Президенті Барак Обаманың (2009-2017) Үкіметтің азаматтарға ашық-тығын арттыруға бағытталған реформа-ларының тәжірибесі баяндалады. АҚШ президентін сайлауға дайындық барысында сайлаушылар Барак Обаманың сайлауалды бағдарламасын жақсарту бойынша ұсыныстарын өз сайтында еркін орналастыра алды.

Жаңадан сайланған Президент Обама қол қойған алғашқы құжат «ақпараттық ашықтық

және ашық үкімет туралы Меморандум» болды. Ашық Үкімет идеясы жұмыстың үш негізгі қағидатын – ашықтықты, жұртшылықты мемлекеттік басқаруға тартуды және биліктің шешімдерін іске асыру жөнінде азаматтармен, қоғам-дық ұйымдармен және бизнеспен ынтымақтастықты көздеді [14, б. 384].

Өз кезегінде, Қазақстан Республи-касының алдында тәуелсіздіктің алғашқы жылдары билік институттарын құру және қалыптастыру мәселесі туындады.

Ел тарихында алғашқы рет Президент ұғымы мен лауазымы енгізілді. Бұл тәжірибе Кеңес Үкіметінің құрамында бол-ған мемлекеттерде де жүзеге асырылып жатты.

Қазақстанның саяси жүйесін трансформациялау азаматтық қоғамды қалыптастыру жағдайында жүзеге асырылғандықтан күрделі өтті. Дамыған саяси институттардың болмауы, демократиялық басқару тәжірибеміздің аздығы, сайлау жүйесінің жетілмеуі көптеген қиыншылықтар тудырды. Сондықтан құрылымдық қайта құрулар кезеңінде Президент институтына маңызды, әрі шешуші рөл берілді. Дегенмен, еліміздегі саяси трансформацияның нәтижесінде прези-денттік басқару жүйесінің өзіндік үлгісі қалыптасты» [15, б. 106].

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев басқарған жылдары президенттік басқарудың, ал кейбір сарапшылардың пікірінше суперпрезиденттік моделі жүзеге асырылып келді. Бұл модельді таңдауды билік өкілдері сол кездегі саяси-экономикалық конъюнктураның және мемлекеттік маңызды шешімдерді қабылдауда қарама-қайшылықтар мен саяси тартыстарға жол бермей, Президенттің нақты шешім қабылдауына қолайлы жағдай туғызу үшін жасалғандығымен түсіндірілді.

2022 жылғы 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында Президент Қ.К. Тоқаев: «Бізге Қазақстанның саяси даму моделін қайта құру бойынша тексерілген қадамдар қажет. Бұл, ең алдымен, суперпрезиденттік басқару формасынан күшті Парламенті бар президенттік республикаға түпкілікті көшу. Мұндай жүйе билік институттарының оңтайлы теңгерімін қамтамасыз етеді және елдің тұрақты дамуына ықпал жасайды», - деп атап өткен болатын [16].

Осы мерзімнен бастап, елімізде бірқатар саяси реформалар жүргізілді және олар жаңа демократиялық қағидаттардың орнығуына жол ашты.

Біріншіден, Парламент пен жергілікті билік органдарының құзыреті кеңейді, ықпалы артты.

Екіншіден, Президенттің өкілеттік мерзімі шектелді. Атап айтқанда, Қазақстан Президенті енді жеті жылдық мерзімге бір мәрте ғана сайланады.

Үшіншіден, адам құқықтары мен бостандықтарын одан әрі қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Конституциялық сот қайта құрылды. Енді Қазақстан азаматтары Кон-

ституция қағидаттарына қайшы келетін заңсыз шараларға шағымданып, тікелей Конституциялық сотқа жүгіне алатын болды.

Қорытынды

Билік құбылысы – қоғам өмірінде шешуші рөл атқаратын көп қырлы және күрделі құбылыс. Оның табиғатын, көздері мен салдарын түсіну қазіргі әлеуметтік процестерді талдау және тиімді басқару стратегияларын қалыптастыру үшін қажет. Билікті зерттеу қолданыстағы әлеуметтік құрылымдарды жақсы түсініп қана қоймай, оларды үлкен әділеттілік пен теңдікке айналдыру тетіктерін жасауға мүмкіндік береді.

Билік феномені саяси философиядағы, әлеуметтанудағы, психологиядағы және басқа пәндердегі орталық зерттеу нысаны. Биліктің теориялық және тұжырымдамалық аспектілері биліктің мәнін, оның қоғамдағы көріністері мен механизмдерін түсінуге мүмкіндік беретін әртүрлі түсіндірулерді, тәсілдер мен анықтамаларды қамтиды. Билік құбылысын талдаудың негізгі тұжырымдамалық тәсілдерін қарастырыңыз.

Билік феномені жан-жақты және оны әртүрлі позициялардан түсіндіруге болады: биліктен ресурс ретінде билікке, процесс және қоғамның құрылымдық элементі ретінде.

Бұл теориялық аспектілер биліктің табиғатын, оның қайнар көздерін, механизмдері мен көріністерін, әлеуметтік және мәдени контексте жан-жақты түсінуді қалыптастырады. Билік – қоғамның тұрақтылығын, үйлесімді дамуын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажет маңызды құрылым. Ол белгілі бір ережелер мен нормаларға сүйене отырып, қоғамдық тәртіпті реттейді, заңдарды орындайды және азаматтардың құқықтарын қорғайды.

Билік пен бостандық ұғымдары күрделі және көп қырлы. Бір жағынан, билік сыртқы шектеулер мен шектеулер қою арқылы еркіндікті шектей алады. Екінші жағынан, билік жеке адамдардың құқықтары мен қауіпсіздігін қорғауға жағдай жасай отырып, бостандықты кеңейте алады.

Билік құрылымы әртүрлі деңгейлерде – жергілікті, өңірлік және ұлттық деңгейде жұмыс істей алады. Мемлекет билікті заң шығарушы, атқарушы және сот билігі деп бөледі. Осы үш тармақтың өзара тепе-теңдігін сақтап, бір-бірін бақылап отыруы – демократиялық қоғамның басты қағидаларының бірі.

Қорытындылай келе, билік – қоғамдағы тұрақтылық пен тәртіптің кепілі, оның тиімділігі елдің дамуына, азаматтардың әл-ауқаты мен құқықтарының қорғалуына тікелей әсер етеді. Билік өз өкілеттіктерін халық мүддесіне сай қолданса, елдің дамуы мен азаматтардың өмір сүру сапасының жақсаратыны сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

1 Платон. Государство. – Москва: Эксмо, 2020. – 608 с.

- 2 Beard M. Emperor of Rome: Ruling the Ancient Roman World. – Philadelphia, U.S.A.: Liveright, 2023. – 512 p.
- 3 Макиавелли Н. Государь. – Москва: АСТ, 2006. – 176 с.
- 4 Аристотель. Политика. – Москва: АСТ, 2019. – 384 с.
- 5 Гоббс Т. Левиафан. – Москва: АСТ, 2021. – 800 с.
- 6 Локк Дж. Два трактата о правлении: монография. – Москва: Челябинск: Социум, 2020. – 496 с.
- 7 Мойзес Наим. Конец власти. От залов заседаний до полей сражений, от церкви до государства. Почему управлять сегодня нужно иначе. – Москва: Издательство АСТ, 2016. – 512 с.
- 8 Mesquita B. & Smith A. The Dictator's Handbook: Why Bad Behavior is Almost Always Good Politics. – New York: Public Affairs, 2012. – 352 p.
- 9 Moises Naim. The Revenge of Power: How Autocrats Are Reinventing Politics for the 21st Century. – New York: Martin's Publishing Group, 2022. – 320 p.
- 10 Шарп Д. От диктатуры к демократии. Стратегия и тактика освобождения. – Москва: Новое издательство, 2012. – 285 с.
- 11 Робинсон Д., Аджемоглу Д. Узкий коридор: Государства, общества и судьба свободы. – Москва: Издательство АСТ, 2021. – 703 с.
- 12 Хейманс Д. Новая власть: Какие силы управляют миром – и как заставить их работать на вас. – Москва: Альпина, 2019. – 504 с.
- 13 Абрамов Ф. Власть от Бога, но власть - не Бог. – Санкт-Петербург: Атон, 1999. – 203 с.
- 14 Новек Б. Умные граждане – умное государство. – Москва: Олимп-Бизнес, 2017. – 509 с.
- 15 Аяған Б., Нұрымбетова Г., Әбжанов Х., Шәpieв Б., Иембекова М. Қазақстандағы президенттік билік институты: тарих, тағылым, тәжірибе. – Алматы: Раритет, 2010. – 368 б.
- 16 Тоқаев Қ.К. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // [Электронды ресурс] URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-1622340> (Қаралған күні: 16.03.2022).
- 4 Aristotel'. Politika [Politics]. – Moskva: AST, 2019. – 384 s. (in Russ)
- 5 Gobbs T. Leviathan [Leviathan]. – Moskva: AST, 2021. – 800 s. (in Russ)
- 6 Lокk Dzh. Dva traktata o pravlennii: monografiya [Two Treatises of Government: monografiya]. – Moskva; Cheljabinsk: Socium, 2020. – 496 s. (in Russ)
- 7 Mojzes Naim. Konec vlasti. Ot zalov zasedanij do polej srazhenij, ot cerkvi do gosudarstva. Pochemu upravljat' segodnja nuzhno inache [The end of Power: From Boardrooms to Battlefields and Churches to States, Why Being In Charge Isn't What It Used to Be]. – Moskva: Izdatel'stvo AST, 2016. – 512 s. (in Russ)
- 8 Mesquita V. & Smith A. The Dictator's Handbook: Why Bad Behavior is Almost Always Good Politics. – New York: Public Affairs, 2012. – 352 p.
- 9 Moises Naim. The Revenge of Power: How Autocrats Are Reinventing Politics for the 21st Century. – New York: Martin's Publishing Group, 2022. – 320 p.
- 10 Sharp D. Ot diktatury k demokratii. Strategija i taktika osvobozhdenija [From Dictatorship to Democracy]. – Moskva: Novoe izdatel'stvo, 2012. – 285 s. (in Russ)
- 11 Robinson D., Adzhemoglu D. Uzkij koridor: Gosudarstva, obshhestva i sud'ba svobody [The Narrow Corridor: States, Societies, and the Fate of Liberty]. – Moskva: Izdatel'stvo AST, 2021. – 703 s. (in Russ)
- 12 Hejmans D. Novaja vlast': Kakie sily upravljajut mirom – i kak zastavit' ih rabotat' na vas [New Power: How Power Works in Our Hyperconnected World – and How to Make It Work for You]. – Moskva: Al'pina, 2019. – 504 s. (in Russ)
- 13 Abramov F. Vlast' ot Boga, no vlast' - ne Bog [Power is From God, but Power is not God]. – Sankt-Peterburg: Aton, 1999. – 203 s. (in Russ)
- 14 Novek B. Umyne grazhdane – umnoe gosudarstvo [Smart Citizens, Smarter State]. – Moskva: Olimp-Biznes, 2017. – 509 s. (in Russ)
- 15 Ajagan B., Nurymbetova G., Abzhanov H., Shapiev B., Iembekova M. Kazakstandary prezidenttik bilik instituty: tarih, tarylym, tazhiribe [The institution of presidential power in Kazakhstan: history, lessons, and experience]. – Almaty: Raritet, 2010. – 368 b. (in Kaz)
- 16 Tokaev Q.K. Memleket basshysy Kasym-Zhomart Tokaevtyñ Kazakstan halkyna Zholdauy [State-of-the-Nation Address by President of the Republic of Kazakhstan Kassym-Jomart Tokayev]// [Jelektrondy resurs] URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-1622340> (Qaralñan kyñi: 16.03.2022). (in Kaz)

Transliteration

- 1 Platon. Gosudarstvo [Republic]. – Moskva: Jeksmo, 2020. – 608 s. (in Russ)
- 2 Beard M. Emperor of Rome: Ruling the Ancient Roman World. – Philadelphia, U.S.A.: Liveright, 2023. – 512 p.
- 3 Makiavelli N. Gosudar' [The Prince]. – Moskva: AST, 2006. – 176 s. (in Russ)

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

*Ербол Серікбайұлы
Күмісходжаев*

*Жақыпбек Алтайұлы
Алтаев*

*Ербол Серікбаевич
Кумисходжаев*

Жақипбек Алтайұлы Алтаев

Yerbol Kumiskhojayev

Zhakiypbek Altayev

PhD докторант, ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан, e-mail: yerbolkumis@gmail.com, ORCID ID: 0009-0004-1514-1970

профессор, философия ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: altaev.kaznu@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-3925-0045

PhD докторант, Институт философии, политологии и религиоведения КН МНБО РК, Алматы, Казахстан, e-mail: yerbolkumis@gmail.com, ORCID ID: 0009-0004-1514-1970

профессор, доктор философских наук, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, e-mail: altaev.kaznu@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-3925-0045

PhD Student, Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies of the CS MSHE RK, Almaty, Kazakhstan, e-mail: yerbolkumis@gmail.com, ORCID ID: 0009-0004-1514-1970

Professor, Doctor of Philosophical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: altaev.kaznu@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-3925-0045